

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 наурыздағы № 269 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 маусымдағы № 582 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 қыркүйектегі № 754 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.09.2015 № 754 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

**Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қосылған құн салығы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген тәртіппен есепке алу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесін және оны қалыптастыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 наурыздағы № 269 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген қосылған құн салығы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» «Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген тәртіппен есепке алу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 114-1, 114-2, 114-3, 114-4- ж о л д а р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«

114-1	Сандық бағдарламамен басқарылатын металл кесетін өзге көлденең токарлық станоктар	8458 11 800 0
114-2	Сандық бағдарламамен басқарылатын металл кесетін көп нысаналы тік токарлық-тербелмелі станоктар *	8458 91 200 9-дан
114-3	Сандық бағдарламамен басқарылатын басқармалы үш осі бар металл кесетін тік токарлық-тербелмелі станоктар *	8458 91 800 9-дан
114-4	Металл кесетін өзге токарлық-тербелмелі станоктар *	8458 99 000 9-дан

».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*

